



Бар ғұмырын ғылымға арнаған, оның биік шыңына өзінің таза еңбегімен шыққан азаматтың бірі - нағашы ағамыз Шалменов Мәлік Шалменұлы. Ол - Қаратөбе ауданының құрметті азаматы, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Қазақстанның құрметті профессоры» төсбелгілерінің иегері, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, ғалым.

Ғылымның шыңына шыққан ғалым



Менің нағашы жұртым - ысық руынан, оның ішінде ақсары бөлімінен тарайтын ел. Бала кезімнен білетінім, Шалменовтер, Хамиевтер әулеті Қаратөбе ауданындағы Егіндікөл ауылында өмір сүрді. Бала күнімізде нағашыларға жиі барып тұратынбыз. Егіндікөл - қырдың етегінде, бұлақтың жағасында орналасқан, ағашы көп, жасыл желекке бөленген, табиғаты әдемі ауыл. Үлкендер: Шалмен, Далабай нағашыларымыз, Сағи, Ақзи аналарымыз қыдырып барған жиендерін әрқашан кең құшақпен, жылы шыраймен қарсы алатын. Бірде, он бір-он екі жасар кезім, Егіндікөлге бардым. Кетерімде Далабай нағашым: «Ал, жиен, қандай қалауың бар? Баспақ аласың ба? Әлде ағаларыңнан қалған бір жәшік толған асық бар, соны аласың ба?» - деді. Үлкендер жағы: «Баспақ ал, баспақ ал», - деп шуласты. Мен болсам, «Жоқ, асық аламын», - деп бір жәшік асықты ауылға алып келдім. Сол кездегі менің кез келген замандасымның таңдауы асыққа түсетін. Өйткені біздің балалық шағымыз асық ойынымен қызықты болатын. Сөйтіп, баспақтан қағылғаным бар. Бұл да қазақтың жиенге деген құрметінің бір көрінісі деп ойлаймын.

Шалмен, Далабай нағашыларымыздың екеуі де - Ұлы Отан соғысына қатысып, Ұлы Жеңіске үлес қосқан жауынгерлер. Шалмен қарт Украин майдандарында соғысып, аға сержант әскери атағымен елге оралды. Далабай атамыз Румыния, Польша жеріндегі соғыс қимылдарына, Сталинградты азат ету, Берлинді алу операцияларына қатысып, аға лейтенант әскери шенінде туған жерге оралған. Соғыста орден, медальдармен марапатталған қос ардагер атам Қаратөбе ауданының ауыл шаруашылығында жұмыс істеді. Далабай нағашымыз бен үй шаруасында болған Ақзи анамыз үш ұл, төрт қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінде баланың, ұлдың екіншісі - бақилық болған Марат нағашымыздан басқа ұрпағы аман-есен.

Бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған соғыс және еңбек ардагерінің тұңғыш ұлы, нағашы жұртымыздың қазіргі үлкені - Мәлік ағамыз Қаратөбе ауданының Егіндікөл ауылында 1948 жылғы 28 ақпанда дүниеге келді. Он бес жасында орталау мектепті бітірген Мәкең жастайынан қалаған мамандығы - мал дәрігері болу үшін Орал ауыл шаруашылығы техникумына кіші мал дәрігерлік мамандығы бойынша оқуға түседі. 18-19 жастағы студент Мәкең техникумда оқып жүргенде мен алты-жеті жастағы ойын баласымын. Ол Орал қаласынан ауылына бару үшін, алды-

мен, аудан орталығы - Қаратөбедегі біздің үйге автобуспен, шағын «АН-2» ұшағымен қатынайтын. Одан әрі Егіндікөлге әкесі Далабай нағашымыз келіп алып кететін.

Еңбек жолын 1967 жылы «Егіндікөл» кеңестік шаруашылығында веттехник болып бастаған жас жігіт соңынан Кеңес әскері қатарына шақырылады. Екі жыл азаматтық борышын өтеп келген соң, 1971 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына оқуға түседі. Өмір көріп, студент атанған азамат білім алуда да, қоғамдық жұмыста да белсенді болып, оқуды үздік бітіреді. Батыс Қазақстан малдәрігерлік ғылыми-зерттеу станциясына бөлім басшысы, соңынан станцияның директоры болып тағайындалады. Осы ғылыми мекемеде отыз жылдай еңбек етеді. Мәскеудің К. Скрябин атындағы Бүкілодақтық гельминтология институтының аспирантурасын тәмамдап, 1987 жылы ветеринария ғылымдарының кандидаты атанды. Ал 2006 жылы докторлық диссертация қорғап, ғалым ағамыз Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне ұстаздық жұмысқа ауысып, кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарды.

Ғалым ұзақ жылдар бойы ғылым саласында атқарған жемісті еңбегі үшін бірнеше марапатқа ие болды. 2022 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері» және «Жаңа Қазақстанның 100 жаңа есімі» атты екі республикалық байқаудың жеңімпазы атанып, төсбелгілерге ие болды. Ал Жаңа жылдың алдында қоғамдық марапаттар жөніндегі республикалық кеңестің «Еңбек үздігі» медалін кеудесіне тақты.

Республика көлемінде эхинококкоз ауруын көп жылдан бері зерттеп келе жатқан, саусақпен санарлық ғалымдардың бірі - Мәлік Шалменұлы еселі еңбегімен, зерделі зерттеулерімен, тың ізденістерімен жастарға өнеге көрсетіп, аграрлық-техникалық университетте еңбегін жалғастырып келеді. «Шын ғалым мен нағыз жазушының еңбекке араласқан күні болады, зейнетке шыққан күні болмайды. Олар үшін зейнетке шығу қағаз жүзінде ғана, іс жүзінде олар жүректің оты жеткенше, о дүниеге кеткенше ел үшін еңбек ете береді» деген қағида табандылық, ой-өрістің жоғарылығы, іскерлік, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді бойына сіңірген ғалым М. Шалменовке арналып айтылғандай.

«Адамның кіндік қаны тамған топырақта жүрегінің жартысы қа-

лады» дегендей, Мәкең туып-өскен жерге деген перзенттік парызын өтеуге үлкен мән беріп отырады. Қаратөбеден шыққан тұңғыш ветеринария ғылымдарының докторы, Аққұмның қарапайым қара баласы өзі білім алған Егіндікөл орта мектебінің үш оқушысына шәкіртақы тағайындап, міне, он жылдан асты, жас жеткіншектердің білімге құштарлығын ынталандырып келеді. Өткен 2022 жылдың мамырында осы аталған орта мектепте профессор М. Шалменов атындағы биология кабинетінің ашылуы да білім сапасын арттыруға бағытталған өнегелі іс-шара болды.

Жүгіруді, шаңғы тебуді, саяжайда жұмыс істеуді дағдыға айналдырып, дене қимылына көп көңіл бөліп, өзін үнемі сергек ұстайтын Мәлік ағамызға тән тамаша қасиеттің бірі - үлкенмен де, кішімен де тең дәрежеде сөйлеседі. Адаммен тез тіл табыса алады. Оның айналасын өзіне жақын, ниеттес жандар қоршаған. Нәтижесінде ол күні бүгінге дейін балалық шақтан бірге өскен сыныптастардан бастап, техникум, институттағы курстастарымен, әскерде бірге болған достарымен, ғылым мен өндіріс саласындағы жүрегіне жақын әріптестерімен тығыз байланыста келеді.

Өмір жолында үлкен жетістікке жеткен азаматтың артында қадір-қасиетін бағалай білетін, қас-қабағынан ұғатын әйел тұрады. Жарты ғасырға жуық отасқан қосағы Әліпа жеңгеміз - осындай әйелдердің қатарынан. Отбасында үш қыз дүниеге келіп, тәрбиеленіп өсті. Бүгінде жапырақтары жайылып, ұрпақтары өмірін жалғауда. Екеуі де көпбалалы отбасылардың тұңғыш перзенті болғандықтан, соңынан ерген бауырларының аяқтанып, азамат болып қалыптасуларына үлкен үлес қосты.

Басқа түскен қиындық, қайғымен күресе білу, оны жеңе білу - адамның бір қасиеті. Екі жылға жуық уақыт өтті, өмірлік жары Әліпа жеңгеміз ауыр науқастан соң дүниеден озды. Ағамыз қиналды, қайғырды, бірақ қайғының соңында кету азаматқа лайық емес, еңсесін түсірмеді. Бүгінде ұрпақтарының қызығын көріп, сол еңселі қалпында ағайын, туыс, жолдастарының ортасында жүр. Ірілік, мінез беріктігі дегеніміз осы болса керек.

Өмірінің шұғылыаы бір белесіне иек артып, жетпіс бес жасқа аяқ басып отырған ғалым нағашымызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, әулетіне баянды бақыт тілейміз.

Марғұлан НҰҒМАНОВ,
Орал қаласы